

"Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлер, тұлғалар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы № 2021 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 1665 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қазандағы № 612 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.10.2016 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңының 20-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлер, тұлғалар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы № 2021 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 58, 576-кұжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын тұлғалар тізбесін бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын тұлғалар тізбесі бекітілсін.»;

1 - 1 - тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлер, тұлғалар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулы 2012 жылғы 4 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

24

желтоқсандағы

№

1 6 6 5

қаулысына

қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1999

жылғы

30

желтоқсандағы

№

2 0 2 1

қаулысымен

бекітілген

Техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын тұлғалар тізбесі

Ауысымның, станцияның, тораптың, учаскенің, бөлімшенің, экспедицияның
б а с т ы ғ ы

Мұрағат, кітапхана, бюро (анықтама, көшіру-көбейту, машинкамен басу, акпараттық), топ, кабинет, зертхана, шеберхана, қабылдау бөлмесі, пункт, қойма, шаруашылық, мұражай, касса, өндіріс меңгерушісі

М ұ р а ғ а т ш ы

К і т а п х а н а ш ы

Д и с п е т ч е р

Инспектор (іс жүргізу жөніндегі, рұқсат беру бюросы, кіру режимі, касса
ж ұ м ы с ы ж ө н і н д е г і)

Н ұ с қ а у ш ы

К о д т а у ш ы

К о д и ф и к а т о р

К о м е н д а н т

З е р т х а н а ш ы

Ә д і с к е р

Машинистка (шетел мәтіндерімен жұмыс істейтін диктофондық топтың, редакцияның, бюроның, стенографистка)

Механик (дыбыстық жабдықтарға, тарату техникаларына, телевизия жабдықтарына, дизельдік үй-жайға қызмет көрсету жөніндегі)

Оператор (бейне жазудың, дыбыс жазудың, көшіру-көбейту машиналарының, телетайптың, телефакстың, телекстің, радионың, электрондық-есептегіш

машиналардың, компьютерлік техниканың (бағдарламалардың), компьютерлік қондырғыларға қызмет көрсету жөніндегі, байланыс жүйелерінің, қауіпсіздік қызметінің)

Т і р к е у ш і

Р е д а к т о р

Хатшы (-машинистка, -стенографистка, соттың, басшының)

С т а т и с т и к

С т е н о г р а ф и с т

Т е х н и к

Ф о т о с у р е т ш і

Экспедитор.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК